Автор: Коптенова Нурсулу Мухтаровна
Пән: Биология
Сынып: 8-сынып
Бөлім: Микробиология және биотехнология
Тақырып: Жұқпалы аурулар

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	8.4.3.1 -қарапайымдылар, саңырауқұлақтар, бактериялар мен вирустар мен туындайтын аурулардың ерекшеліктерін және алдын алу шараларын сипаттау.
Сабақтың мақсаты:	• Ағзаға енетін жұқпалы аурулардың қоздырғыштарын біледі; • Жұқпалы аурулардың таралу жолдарын, ауру белгілерін сипаттайды; • Жұқпалы аурулардың маңыздылығын талдайды;
Тілдік мақсаттар:	Пәндік лексика мен терминология: Қантышқақ, фитофтороз, холера, дифтерия, лейшманиоз, герпес, вирус, патогенді ағзалар. Диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер: Неліктен қантышқақ ауруымен ауырған адам ның қолданған заттары дені сау адамдарға қауіпті?
Күтілетін нәтиже:	Жұқпалы аурулар қоздырғыштарын біледі; Жұқпалы аурулардан сақтану және олардың алдын алу шараларын талдайды;
Бағалау критерийлері:	• Жұқпалы аурулар қоздырғыштарын, олардан туындайтын ауруларды жүйелейді, сипаттайды. • Жұқпалы аурулардан сақтану және олардың алдын алу шараларын қарастырады. • Жұқпалы аурулардың алдын алу үшін маңызды екенін тұжырымдайды;
Құндылықтарды дарыту:	Ынтымақтастық - топтық және жұптық жұмыс арқылы жұмысты үйлестіру. Академиялық шындық – жеке жұмыс арқылы.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интербелсенді тақта, интернет желісіндегі бейнекөрсетілім
Пәнаралық байланыс:	Валеология - жұқпалы аурулар
Бастапқы білім:	8.1.2.7 - азық – түлік құрамындағы С дәруменін анықтау;

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**

Сабақтың басы (5 мин)	Ынтымақтастық атмосферасын тудыру: Топқа бөлу:1-топ: Protist 2-топ: Fungi 3-топ: Virus 4-топ: Bacteria Лездемелік сұрақтар • Дәрумендер деген не? • Дәрумендер қандай топтарға бөлінеді? • Адам өмірінде дәрумендердің рөлі қандай? • Суда қандай дәрумендер ериді? • Майда еритін дәрумендер қандай? • Басты дәрумен деп қандай дәрумендi айтады? Жұлдызшалар арқылы бағалау. «Ой шақыру» әдісі • Қандай жұқпалы ауруларды білесіңдер? • Жұқпалы аурулардың ерекшеліктері мен алдын алу шаралары қандай? «Суреттер сөйлейді» әдісі Берілген суреттерді ажырату / Оқушылардың жауаптары тыңдалады/. 5e75b53b2e73a3d9e84ca8b02.jpg Image not found or type unknown Image not found or type unknown Дескриптор: Берілген суреттер бойынша жұқпалы аурулардың түрін ажыратады; Сабақтың тақырыбы айқындалады. Сабақтың мақсаты таныстырылып, оқушылар бағалау критерийін құрастырады. Бейнекөрсетілім: «Дизентерия амебасы». /Бейнекөрсетілімнен не көргендері туралы сұралады және талданады/.	https://www.youtube.com/watch?v=NJQGcsybG-U
Сабақтың ортасы (30 мин)	«Сүзіп алу» әдісі / Мәтінмен жұмыс Мәтінді оқып, қай аурудан қалай қорғану, аурудың алдын алу жолдарын анықтайды. 1 топ: Қарапайымдар 2 топ: Саңырауқұлақтар 3 топ: Вирустар 4 топ: Бактериялар Дескрипторлар: • Мәтінді толық меңгеріп, топтық жұмыс тапсырмасын толық орындайды. • Жұқпалы аурулардың қоздырғыштарын анықтайды, туындайтын ауруларды жүйелейді. • Аурудың алдын алу шараларын қарастырады. Топтық бағалау Тапсырма 1. Жұптық жұмыс Сәйкестендіріңіз. Қарапайымдар туындататын аурулар:_____ Саңырауқұлақтар туындататын аурулар:_____ Бактериялар туындататын аурулар:_____ Вирустар қоздыратын: _____ A. Қантышқақ B.Фитофтороз C. Оба D.Күл E. Лейшмания F. Герпес Дескриптор: қарапайымдар, саңырауқұлақтар, вирустар және бактериялар арқылы таралатын ауруларды ажыратады; Тапсырма 2 Terminology/Жеке жұмыс TermsKazakhRussianLeishmaniasis Тырысқақ ФитофторозCholera Дескриптор: Негізгі ұғымдарды үш тілде жазады; Өзін - өзі бағалау	Суреттер Тапсырмалар
Сабақтың соңы (3 мин)	"Кім көп біледі?" әдісі Жұқпалы аурулар туралы не білдіңіздер? Қандай шараларын білдіңіздер? Ауру кезінде нені ескеру керек?	стикерлер
Рефлексия (2 мин)	Кері байланыс: «Табыс баспалдағы». Мен толық түсіндім. Мен түсінген сияқтымын. Маған көмек қажет.	Табыс баспалдағының суреті